

Хаттама №7

«№4 жалпы білім беретін орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Қамқоршылық кеңесте» бюджеттік
қаржының жоспарлануы туралы

01.02.2021 жыл
сағ.15.00.

01.02.2021 жылы «Курчатов қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі» КМ мекемесінде кезектен тыс «Қамқоршылық кеңес» мүшелері, мектеп әкімшілігі қатысқан жиналыс өтті. Жиналыс барысында мектептің «Қамқоршылық кеңесіне» Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2021 жылға бекітілген бюджеттік қаржының бөлінуі туралы айтылды. Қамқоршылық кеңесі тарапына ақпараттық берілген есеп барысына аталған жиын қонақтары қатысты.

Қатысқандар саны – 17. Қатыспағаны жоқ.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп әкімшілігі тарапынан 2021 жылға Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы, Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2021 жылға бекітілген бюджеттік қаражаттың бөлінуімен таныстыру.

Тыңдалды

Күн тәртібіне негізделген жиында «Қамқоршылық кеңес» төрайымы Садвакасова Айгуль Есенгельдеевна сөз алып, тарапынан аталған күн тәртібінің ең өзекті тақырыбы – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2021 жылға бюджеттік қаржының жоспарлануы туралы айтты. Кеңес төрайымы алғашқы сөз кезегін мектеп директоры Қ.М.Малгаждароваға берді.

Қ.М.Малгаждарова : «2020-2021 оқу жылы бойынша Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 474 білім алушы, оның ішінде – 1-4 сыныптарда - 167 оқушы, 5-9 сыныптарда – 229 оқушы, 10-11 сыныптарда - 74 білім алушы бар.

Жан басына шаққандағы нормативті қаржыландыру бойынша облыстық бюджеттен мемлекеттік қызмет ететін азаматтар мен қызметкерлерге 89,22 штаттық бірліктер саны бойынша еңбекақыға қаржы бөлінді.

2021 жылы -89 186,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде азаматтарды сауықтыру шараларына өтемақы есебінен **2021 жылы – 8 090,0 мың теңге** бөлінеді;

Әлеуметтік салық төлеміне **2021 жылы – 8958,0 мың теңге** жұмсалады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына бөлінген қаражат көлемі – **2021 жылы – 5229,0 мың теңгені** құрады.

Медициналық міндетті сақтандыру төлеміне **2021 жылы 3370,0 мың теңге** аударылады.

Сонымен қатар, мектепке жұмсалатын қажеттілік үшін **2021 жылы 6403,0 мың теңге** төмендегідей реттілікпен жұмсалады:

- **1254,0 мың теңге** канцелярлық заттардың алынуына;
- **1231,0 мың теңге** шаруашылық заттардың алынуына;
- **1827,0 мың теңге** спорттық жабдықтардың қажеттілігіне;
- **1739,0 мың теңге** құрылыс материалдарын алуға;
- **352,0 мың теңге** басқа да қажетті заттар алуға жұмсалады.

Коммуналдық өтемдерге жұмсалған шығындар көлемі:

2021 жылы 9000,0 мың теңге, оның ішінде :

- **4503,0 мың теңге** салқын су мен жылыту, канализация өтемдеріне жұмсалады;
- **1035,0 мың теңге** электрэнергиясының жұмсалу өтемақысына;
- **3482,0 мың теңге** жылытумен жабдықтау құрылғыларын пайдалануға жұмсалады.

Қаржылық жұмсалымның тағы бір негізгі бөлігі, мектептегі интернет қызметі мен жергілікті байланыс телефондарын пайдалану, ұялы телефондардың қызметін пайдалану ақыларына,

3 арнаулы қорғалған интернеттік жүйеге, 3 кең аумақты интернеттік қосылымға 2021 жылы – 3000,0 мың теңге төленеді.

Нақты өтемдердің шығындары есептеле келе, 2021 жылы -24125,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде атап айтылуы керекті:

- 2248,0 мың теңге мектептегі қажетті қызметтерді ұстауға бөлінеді;
- 2400,0 мың теңге арнаулы мамандандырылған күзет жұмысы қызметтеріне;
- 360,0 мың теңге банктік қызметтерді өтеуге;
- 98,0 мың теңге веб-сайт sabak.kz білім берудегі интерактивті онлайн сабақтарды қосу мүмкіндігіне жұмсалады;
- 75,0 мың теңге ақпараттық сайттардың қолданылуына жіберіледі;
- 46,0 мың теңге электр шамдарын арнаулы жою шарасына жұмсалады;
- 480,0 мың теңге «Әкімшілік-шаруашылық қызметті ақпараттық және жоспарлы ақпараттандыру» сервисіне төленеді;
- 100,0 теңге мектепке қажетті баннерлер дайындауға;
- 125,0 мың теңге мектеп компьютерлеріне антивирустік бағдарламаларды қоюға жұмсалады;
- 580,0 мың теңге Bilim.kz білім беру ресурстарын пайдалану мен Online.mekter ресурстық – ақпараттық қызметтерін пайдалану үшін төленеді;
- 3832,0 мың теңге мектептің жылыту қазандығын, жүйелерін жөндеуге жұмсалады.

Мектептің қызметтік іс-сапарларына (командировочные расходы) арналған қаражат көлемі 2021 жылы – 135,0 мың теңгені құрады.

Жалпы міндетті орта білім беру қорына бөлінген қаржы көлемі 2021 жылы - 9012,0 мың теңге, оның ішінде, атап айтатын болсақ:

- 4092,0 мың теңге көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың тамақтануына жұмсалады (1-11 сыныптар бойынша бала саны – 120 оқушыға);
- 2520,0 мың теңге мектептің көпбалалы отбасылары мен аз қамтылған отбасы балаларына арналған киім формаларын тігу қызметіне төленеді.(1-11 сыныптар аралығында -120 оқушы);
- 2400,0 мың теңге көпбалалы отбасы мен аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған аяқ киім тігу қызметіне жіберіледі.(1-11 сыныптар аралығында -120 оқушы.

Сонымен бірге , төмендегі қаржылық төлемақылар төмендегі әртүрлі қызметтерге жұмсалады. Атап айтар болсам:

- 2021 жылы – 120.0 мың теңге мектеп оқушыларының сыртқа түрлі іс-шараларға қатысуда тамағы мен жатын орындарына, жол қаражатына төленеді;
- 2021 жылы -2900,0 мың теңге қажетті құрал-жабдықтар мен керекті мектеп қажетіне қатысты заттарды алуға жұмсалады;

Әрбір қаражаттың жұмсалыу тәртібі қатаң сақталып, мектептегі қызметкерлерге, оқушыларға, мектептің кіші қызметкерлеріне ақпараттық қызметтер мен шаруашылық жағдайлардың жасалуы мектеп әкімшілігі тарапынан бақылауда болады.»

Жиын барысындағы мектеп директорының қаржылық есебін қамқоршылық кеңес мүшелері толық бірауыздан қолдады.

Жиынның екінші мәселесі бойынша ағымдағы мектепшілік мәселелер төңірегінде бірқатар мәселелер айтылды. Жиын соңында жиын қаулысы оқылды.

Қаулы қабылданды:

1. Мектеп директоры Қ.М.Малгаждарованың 2020-2021 оқу жылында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2020-2021 оқу жылында бөлінген бюджеттік қаржының жоспарлануы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

«Қамқоршылық кеңес»

төрайымы

Кеңес хатшысы

Кеңес мүшелері

Садвақасова
Бердигожин

Садвақасова А.Е.

Бердигожин Б.К.

Мің *Женов Қарлығаш Әлиевна*
(қолы) (аты-жөні)

М.Исмаев *Исмаева Малдыр*
(қолы) (аты-жөні)

Қыдыр *Қыдырбаев Қурбан*
(қолы) (аты-жөні)

Иди *Черманова Асем*
(қолы) (аты-жөні)

Аиде *Айтбаева Қарлығаш*
(қолы) (аты-жөні)

Дид *Мубарекова Дана*
(қолы) (аты-жөні)

Диде *Мамеджанова Дина*
(қолы) (аты-жөні)

Аиде *Мусабаев Төлеу Қуандықович*
(қолы) (аты-жөні)

Мейра *Темірденкова Майра Ержановна*
(қолы) (аты-жөні)

Бүгді *Қудайбергенова Мерзет*
(қолы) (аты-жөні)

Қайрат *Қайрат Маман*
(қолы) (аты-жөні)

Диде *Әисламғали Рахым Қайбековна*
(қолы) (аты-жөні)

Мейра *Темірденкова Майра*
(қолы) (аты-жөні)

Б.Рустем *Рустем Балаур Марағаш*
(қолы) (аты-жөні)

Самыра *Самырова Асем*
(қолы) (аты-жөні)

Әли *Әлиманова Анар*
(қолы) (аты-жөні)